**Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың жекелеген санаттарын кеден бажын салудан босату тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2322. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

"Білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материалдарды әкелу туралы" 1950 жылғы 22 қарашадағы келісімнің және оның Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 197-I Заңымен бекітілген 1976 жылғы 26 қарашадағы Хаттамасының ережелерін іске асыру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың жекелеген санаттарын кеден бажын салудан босату тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Ж.Мулькинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Келісілді:
Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрінің
2003 жылғы 18 сәуір

Келісілді:
Қазақстан Республикасының Мәдениет,

ақпарат және қоғамдық келісім министрінің
2003 жылғы 17 сәуір

Келісілді:
Қазақстан Республикасының
Білім беру және ғылым министрінің
2003 жылғы 8 сәуір

Келісілді:
Қазақстан Республикасының
Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің
2003 жылғы 22 сәуір

Келісілді:
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының
2003 жылғы 15 сәуір

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 171 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың жекелеген санаттарын кеден бажын салудан босату тәртібі туралы нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық 1950 жылғы 22 қарашадағы "Білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материалдарды әкелу туралы" келісімді және оған Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 197-I Заңымен бекітілген 1976 жылғы 26 қарашадағы Хаттаманы (бұдан әрі - Келісім және Хаттама) іске асыру үшін әзірленді және тауарларды кеден бажын салудан босату тәртібін айқындайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тауарлар - білім беру ғылыми және мәдени сипаттағы материалдар;

2) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары:
Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі;
Қазақстан Республикасының Мәдениет және қоғамдық келісім министрлігі;
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;
Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі.

3. Кеден баждарын салудан босату осы нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген 1-қосымшада келтірілген Келісімге қатысушы елдерден шығарылатын және әкелінетін тауарларды қоспағанда 2-қосымшада келтірілген тауарларға Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу кезінде қолданылады.

4. Кеден баждарын салудан босату:

1) кеңсе керек-жарақтарын;

2) жекеше коммерциялық кәсіпорындар жариялаған немесе негізінен жарнама мақсатындағы кітаптарды, жарияланымдарды және құжаттарды (осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаның 1-бөлімінде аталған катологтарды, плакаттарды және туристік басылымдарды қоспағанда);

3) көлемінің 70 пайызынан астамын жарнама алатын газеттер мен мерзімді басылымдарды;

4) көлемінің 25 пайызынан астамын жарнама алатын (осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаның "Кітаптар, басылымдар және құжаттар" бөлімінде айтылған каталогтарды қоспағанда) аталған барлық басқа да тауарларды әкелу кезінде қолданылмайды. Туризм жөніндегі плакаттар мен әдебиеттерге қатысты мұндай пайыздық өлшем тек жекеше коммерциялық материалдарға ғана қолданылады.

## 2. Кеден жеңілдіктері берілген тауарларға қатысты кедендік бақылау ерекшеліктері

5. Тауарларды кедендік ресімдеу уәкілетті мемлекеттік органның фирмалық бланкісінде 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ресімделген және уәкілетті мемлекеттік органның басшысы не оның орнындағы адам қол қойған тауарлардың сипаты туралы растауды кеден органына ұсыну жолымен кеден баждарын салудан босату қолданыла отырып жүргізіледі.

6. 2-қосымшаның 1-11 ұстанымдары бойынша өнімнің бұқаралық ақпарат құралдарындағы (мерзімді баспа басылымында, теле- және радио бағдарламасында) жарнамаларының көлемі туралы растауды бұқаралық ақпарат құралдарын жеке нөмірінің әрбір тиражына немесе әкелінетін өнімнің жеке шығарылуына қабылдау ұсынылады. Көрсетілген растауды Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі еркін

нысанда береді.

7. 2-қосымшаның 31-50, 109-114 ұстанымдарында көрсетілген тауарларды импорттау кезінде ресімдеуші кеден органына Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің еркін нысандағы аталған тауарлардың Қазақстан Республикасында шығарылмайтындығы туралы растауы ұсынылады.

8. 2-қосымшаның 25-49 ұстанымдарында көрсетілген тауарларды импорттау кезінде ресімдеуші кеден органына Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің еркін нысандағы аталған тауарлардың:

- тікелей зағип адамдармен айналысатын мекемелер немесе ұйымдар әкелген зағип адамдардың білім беру, ғылым және мәдениет саласында прогресін қамтамасыз ету үшін;

- тікелей осындай адамдарға білім берумен немесе көмек көрсетумен айналысатын мекемелер немесе ұйымдар әкелген басқа да дене және ақыл-ой кемістігі бар адамдарға білім беру, еңбек қызметі және әлеуметтік қозғалысы үшін әдейі арналғаны туралы растауы ұсынылады.

9. 2-қосымшаның 51-108 ұстанымдарында көрсетілген тауарларды импорттау кезінде ресімдеуші кеден органына Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің аталған тауарлардың кітаптар, басылымдар және құжаттар шығару үшін арналғандығы туралы растауы ұсынылады.

10. Тауарларды кедендік ресімдеу сәтінде тауарлардың сипаты туралы, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдеріндегі жарнаманың көлемі туралы растауы, сондай-ақ 7, 8 және 9-тармақтарға сәйкес ұсынылатын растаулар болмаған жағдайда, мұндай тауарларды кедендік ресімдеу жалпыға бірдей тәртіппен жүргізіледі.

2003 жылғы 25 сәуір N 171
Қазақстан Республикасына импортталатын
тауарлардың жекелеген санаттарын
кеден бажын салудан босату тәртібі
туралы нұсқаулыққа
1-қосымша

1950 жылы Флоренцияда өткен ЮНЕСКО Бас конференциясында мақұлданған "Білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материалдарды әкелу туралы" келісімге қосылған елдердің тізімі.

N Елдің атауы:
1. Югославия
2. Таиланд
3. Камбоджиа
4. Шри Ланка
5. Пәкістан

31. Малайзия
32. Дания
33. Гватемала
34. Нигерия
35. Сьера-Леоне
36. Конго Демократиялық

6. Египет Республикасы
7. Лаос
8. Монако
9. Израиль
10. Швеция
11. Вьетнам
12. Куба
13. Филиппины
14. Швейцария
15. Лихтенштейн
16. Сальвадор
17. Ұлыбритания
18. Гаити
19. Греция
20. Финляндия
21. Германия
22. Франция
23. Бельгия
24. Люксембург
25. Нидерланды
26. Ауғаныстан
27. Гана
28. Австрия
29. Иордания
30. Норвегия
37. Мадагаскар
38. Жаңа Зеландия
39. Габон
40. Италия
41. Танзания
42. Кипр
43. Кот-д Ивуар
44. Никарагуа
45. Камерун
46. Руанда
47. Уганда
48. Буркино-Фасо
49. Иран
50. Тринидад и Тобаго
51. АҚШ
52. Кения
53. Мальта
54. Нигер
55. Марокко
56. Конго
57. Сингапур
58. Маврикий
59. Жапония
60. Боливия
61. Румыния
62. Польша
63. Ирак
64. Фиджи
65. Джамахирия
66. Барбадос
67. Замбия
68. Тонга
69. Оман
70. Ирландия
71. Венгрия
72. Қасиетті Престол
73. Сирия
74. Соломон аралдары

75. Португалия
76. Сан-Марино
77. Австралия
78. Венесуэла
79. Словения
80. Хорватия
81. Босния и Герцеговина
82. Ресей Федерациясы
83. Болгария
84. Словакия
85. Чеш Республикасы
86. Бұрынғы Югослав
87. Македония Республикасы
88. Литва
89. Молдова
90. Қазақстан
91. Испания
92. Малави

2003 жылғы 25 сәуір N 171
Қазақстан Республикасына импортталатын
тауарлардың жекелеген санаттарын
кеден бажын салудан босату тәртібі
туралы нұсқаулыққа
2-қосымша

**Кеден бажын салудан босатылған тауарлардың тізбесі**

| Ұстаным. ның N | ТМД СЭҚ ТН коды | Тауардың атауы * | Қазақстан Республикасының тауарлардың сипатын (жарнама көлемін) растайтын министрліктері мен ведомстволары |
|---|---|---|---|
| | | 1. Кітаптар, басылымдар және құжаттар | |
| 1 | 4901-ден | Баспа кітаптары (жарнама | Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көлемінің 25 пайыздан артық бөлігін алатын әдебиеттен басқасы) | Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 2 | 4901-ден, 4902 | Жарнама көлемінің 70 пайыздан аз бөлігін алатын газеттер, журналдар мен мерзімдік басылымдар | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 3 | 4901-ден, 4902-ден, 4911 10-нан | Мақсаттары әкелу елінен тыс жерлерде туризмді дамыту болатын жеке ұйымдар шығарған басылымдарды қоса алғанда, безендірулермен немесе оларсыз туризм жөніндегі жарнамалық плакаттар және туристік әдебиеттер (брошюралар, анықтамалықтар, кестелер, буклеттер және сол сияқты басылымдар) (жарнама көлемінің 25 пайыздан артық бөлігін алатын жеке коммерциялық ұйымдар шығарған туризм жөніндегі плакаттар мен әдебиеттерді қоспағанда) | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |
| 4 | 4901-ден, 4902-ден, 4911-ден | Мақсаты әкелу елінен тыс жерлерде оқуды ынталандыру. дан тұратын басылымдар | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 5 | 4901-ден, 4902-ден, | Әкелу елінен тыс жерлердегі баспалар немесе таратушылар | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 4911-ден | сату үшін ұсынатын кітаптар мен жариялаулардың каталогтары | |
| 6 | 482020000-ден, | Баспа мәтіндері және оқушы толтыру үшін қалдырылған орындары бар жаттығулар жинағы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 7 | 4905-тен, 4911 91-ден | Геология, зоология, ботаника, минералогия, палеонтология, археология, этнология, метеорология, климатология, геофизика сияқты ғылым салалары үшін мүдделі карталар мен сызбалар, сондай-ақ метеорологиялық және геофизикалық диаграммалар | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 8 | 490600000-ден | Архитектуралық, өндірістік немесе техникалық сипаттағы жоспарлар мен сызбалар және олардың репродукциясы | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 9 | 4901-ден, 4902-ден, 4911-ден | Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе оның атынан оның мамандандырылған мекемелерінің кез-келгені шығарған оқу ағарту ғылыми немесе мәдени сипаттағы фильмдердің, дыбыс жазбаларының немесе басқа да аудиовизуальдық материалдардың каталогтары | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 10 | 490400000 | Қолжазбадағы немесе баспа нысанындағы, немесе баспалықтан өзге тәсілмен шығарылған әуен | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | 4901-ден, 8524-тен | Аудиокассеталарды қоса алғанда, тиісті баспа материалдарымен бірге жиынтық түрінде ұсынылатын бағдарламалық оқытуға арналған материалдар | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

2. Өнер шығармалары және оқу ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы топтамалар бөліктері

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | 970110000 -ден | Өнеркәсіптік әдіспен дайындалған көркем сипаттағы заттарды қоспағанда, толықтай қолдан жасалған көшірмелерді қоса алғандағы картиналар мен суреттер | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 13 | 970200000 -ден | Суретші қол қойған және нөмірлеген тақтай немесе басқа да қолмен нақыштау материалдарының нысандарынан жасалған құймажазулар, нақыштар, нақыштаңбалар | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 14 | 970300000 | Бұқаралық репродукцияларды және коммерциялық сипаттағы заңсыз өнімдерді қоспағанда көлем, бедерлі немесе терең қашалған мүсіндеудің біртума көркем шығармалары немесе мүсіндер | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 15 | 97-ден | Галереялар, мұражайлар және басқа да қоғамдық мекемелер үшін арналған, сатуға арналмаған жинақтау заттары мен өнер заттары | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 16 | 970500000 -ден | Сатуға арналмаған, анатомия, зоология, ботаника, | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | минералогия, палентология, археология және этнография сияқты ғылыми салалардағы жинақтар мен жинақтардың бөліктері | Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 17 | 970600000 | 100 жылдан артық болған антиквариат | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

3. Оқу ағарту, ғылыми немесе мәдени сипаттағы аудиовизуальдық материалдар

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18 | 3705-тен, 3706-дан | Кинофильмдер, диофильмдер, микрофильмдер және диапозитивтер | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 19 | 3705-тен, 3706-дан | Әр сюжеттің екі көшірмесін әкелумен шектеулі шартымен экспозицияланған және шығарылған негативтер және позитивтер түрінде көшіру мақсатында әкелінген кинохроника (дыбысты немесе дыбыссыз) | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі немесе Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 20 | 8524-тен | Тек қоғамдық немесе жекеше оқу ағарту, ғылыми немесе мәдени мекемелерде немесе | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі немесе |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қоғамдарда пайдалануға ғана арналған дыбыс жазбалары | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 21 | 491191-ден, 902300-ден | Қоғамдық немесе жекеше оқу-ағарту, ғылыми немесе мәдени мекемелерде көрсету және сабақ беру мақсатында ғана пайдалануға арналған модельдер, макеттер және қабырға кестелері | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 22 | 8524-тен | Бейнежазбалар, кинескопиялық жазбалар, бейнедискілер, бейнеграммдар және дыбыс пен бейнежазудың басқа да нысандары | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 23 | 370590900 -ден | Тура немесе оптикалық аппараттардың көмегімен проекциялауға арналғандарды қоса алғанда, диапозитивтер | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі немесе Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 24 | 3705-тен, 8524-тен | Есептеу машиналарына пайдаланылатын ақпараттар мен құжаттамаларды сақтау қызметтерінде қолданылатын микрокарталар, микроафиша. лар немесе өзге де ақпарат сақтау құралдары | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі немесе Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі немесе Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

4. Зағип және басқа да дене және ақыл-ой кемістігі бар адамдарға арналған материалдар

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25 | 4901-ден, 8524-тен | Білім беру, ғылым және мәдениет саласында зағип | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | адамдардың прогресін қамтамасыз етуге арналған "Сөйлейтін кітаптар", күйтабақтар, кассеталар және басқа да дыбыс шығаратын материалдар, үлкейтілген қаріпті кітаптар | Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 26 | 8519-дан, 8520-дан | Зағиптарға арнайы арналған немесе бейімделген және "сөйлейтін кітаптарды" ойнату үшін қажетті фонографтар мен кассеталар үшін ойнатқыштар | Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 27 | 8543-тен, 8528-ден, 901380-нен | Зағип немесе жартылай көзі көрмейтін адамдардың әдеттегі қаріптерді оқу үшін арналған жабдықтар, мысалға, оқуға арналған электронды машиналар, телевизиялық зорайтқыштар және оптикалық құралдар | Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 28 | 8442-ден, 8443-тен, 8471-ден | Брайль материалдарын және жазбаларды механикалық немесе есептеу машинасының көмегімен шығару, мысалы, стереотиптен басуға арналған машиналар, Брайль қаріпіне аударуға және осы қаріппен басуға арналған машиналар, Брайль есептегіш машиналарының терминалды және бейне қондырғыларды | Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 29 | 39-дан, 48-ден, 8523-тен, | Брайль қағаздары, Брайль қаріпімен кітаптар және "сөйлейтін" кітаптар | Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік |

8524-тен дайындауға арналған қорғау министрлігі
магниттік таспалар мен
кассеталар
30 660200000 Зағип адамдардың қозғалысын Қазақстан
-ден, жеңілдетуге арналған Республикасының
9021-ден жабдықтар, мысалы, Еңбек және
бағдарлауға және кедергілер. әлеуметтік қорғау
ді білу үшін арналған министрлігі
электронды қондырғылар мен
ақ таяқтар
31 4901-ден, Зағип адамдарды оқытуға, Қазақстан
8469-дан, жұмысқа бейімділігін, Республикасының
8524-тен, кәсіби дайындығын қалпына Еңбек және
9101-9107- келтіруге арналған әлеуметтік қорғау
ден, 95-тен техникалық құралдар, министрлігі
мысалы, Брайль сағаттар,
Брайль жазба машинкалары,
зағип адамдарға арнайы оқу
құралдары, ойындар және
басқа да қондырғылар
32 84-тен Зағип адамдардың жұмыс Қазақстан
істеуі үшін арнайы Республикасының
шығарылған және (немесе) Еңбек және әлеуметтік
бейімделген өндірістік қорғау министрлігі
қондырғылар
33 85-тен, Есту және сөйлеу Қазақстан
902140000 ерекшеліктері бұзылған Республикасының
-ден, адамдарды сауықтыру Еңбек және әлеуметтік
902190-нан үшін пайдаланылатын қорғау министрлігі,
медициналық есту жабдықтары Қазақстан
Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі
34 760820100 Алюмин құбырлары Қазақстан
-ден Республикасының
760820300 Индустрия және сауда
-ден министрлігі,
Қазақстан
Республикасының

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 35 | 5904-тен, 4016-дан, 4010-нан, 4815-тен | Линолеум, резеңке лента, еденге арналған жабын | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 36 | 6306-дан | Жартылай кендір желкендік | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 37 | 760611100 -ден 760611910 -нан 760612500 -ден 760612910 -нан 760711900 -дан | Қалыңдығы 0,2 мм артық алюмин плиталар, табақтар, жолақтар немесе ленталар Қалыңдығы 0,021 кем емес бірақ 0,2 мм артық емес алюмин үлдірі | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 38 | 721710100 -ден 721710310 -нан 740819100 -ден 722300110 -нан 722300190 -нан 722910000 | Брайль жүйесі бойынша жазу үшін сырықтар грифельдер, технологиялық инелерді, шырақ жіптерді көрінбейтін етіп байлау үшін қимаүлгіге серіппелер дайындау үшін пайдаланылатын сым (болат, мыс және т.б.) | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |

-ден 72292000 -ден

| | | | |
|---|---|---|---|
| 39 | 844820100 -ден | Болат ленталар | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 40 | 390210000 -ден | полипропилен | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 41 | 3212-ден | Полимерлерді бояуға арналған бояутектердің концентраттары түйіршіктелген әмбебап | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 42 | 9603-тен | Жасанды түсті қыл | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 43 | 0502-ден | Табиғи қыл | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, |

Қазақстан
Республикасының
Еңбек және әлеуметтік
қорғау министрлігі
44 4805-тен Бесқабатты гофр қатты қағазы Қазақстан
Республикасы
Индустрия және сауда
министрлігі,
Қазақстан
Республикасының
Еңбек және әлеуметтік
қорғау министрлігі
45 50-ден Ширақ жіптерді, Қазақстан
қимаүлгілерді байлау Республикасының
кезінде, қылқаламдарды Индустрия және сауда
байлау маталарды пішімдеу министрлігі,
кезіндегі Қазақстан
трифло қондырғыларын Республикасының
дайындау үшін пайдаланылатын Еңбек және әлеуметтік
полимер материалдарынан қорғау министрлігі
жасалған жіптер
46 3812 ден Сүйеніш таяқтарына, Қазақстан
жиналмалы таяқтарға Республикасының
жабынғы, оларға тұт. Индустрия және сауда
қалар дайындау, көрмей. министрлігі,
тін адамдарға арналған
шахматтар, дойбылар, Қазақстан
домино, Брайль жүйесі Республикасының
бойынша жазу үшін қалам Еңбек және әлеуметтік
грифельдер дайындау қорғау министрлігі
үшін пайдаланылатын
пластификаторлар
(пластикалық массалар)
47 5911-ден Винилист былғары Қазақстан
Республикасы
Индустрия және сауда
министрлігі,
Қазақстан
Республикасының

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 48 | 35-тен | Желімдер (ПВА, қағаз, ағаш және т.б.) | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 49 | 39-дан | Шахмат тақталарын, таяқтарға саптар және т.б.дайындауға арналған фенопласт | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі |

5. Ғылыми аспаптар мен жабдықтар

| | | | |
|---|---|---|---|
| 50 | 841780900 -ден, 8419-дан, 8421-ден, 8514-тен, 90-нан | Тек қана ғылыми немесе оқу ағарту құрылымдарын арналған және коммерциялық мақсатта пайдаланылатын ғылыми аспаптар мен жабдықтар | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

6. Кітаптар, басылымдар және құжаттар шығаруға арналған материалдар мен машиналар:

1) Кітаптар, басылымдар және құжаттар шығаруға арналған материалдар

| | | | |
|---|---|---|---|
| 51 | 320413000 -ден | Офсеттік баспа пластиналарды шығару үшін қолданылатын негізгі бояғыштар және олардың негізінде дайындалған препараттар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 52 | 321100000-ден | Дайын сиккативтер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 53 | 3212-ден | Баспа-таңба үшін фольга; бояғыштар және сол сияқты бояушы заттар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 54 | 321511000 | Типографиялық қара бояу | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 55 | 321519000 | Типографиялық басқа бояу | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 56 | 350300 | Желатин (оның ішінде ішінара өңделген немесе өңделмеген, боялған немесе боялмаған тік бұрышты табақ түріндегі (шаршылықтарды қоса алғанда)) және желатиннен жасалатындар; балық желімі; 3501 тауарлық ұстанымдағы казеиндіктерден басқа жануарлардан алынатын басқа желімдер | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 57 | 350510 | Декстриндер және басқа модификацияланған крахмалдар | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 58 | 3506-дан | Дайын желімдер және басқа жерде аталмаған басқа дайын жабысқақтар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 59 | 370130000 | Кез-келген жағының ұзындығы 255 мм артық басқа да табақтар мен үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 60 | 370191000-ден | Түрлі-түсті фотосуреттерге арналған үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 61 | 370199000-ден | Басқа фото үлдірлері | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 62 | 370231 | Ені 105 мм артық емес, түрлі-түсті фотосуретке (полихромды) арналған перфорланбаған басқа үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 63 | 370232900-ден | Ені 35 мм артық, 105 мм артық емес күміс галогенид. тері эмульсиясымен, ұзындығы 30 м перфорланбаған басқа үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 64 | 370241000, 370242000 | Ені 610 мм артық және ұзындығы 200 м артық перфорланбаған басқа үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 65 | 370243000 | Ені 610 мм артық және ұзындығы 200 м артық емес перфорланбаған басқа үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 66 | 370244000 | Ені 105 мм артық, бірақ 610 мм артық емес перфорланбаған басқа үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 67 | 370510000 | Офсеттік шығаруға арналған жарықталған және шығарылған (киноүлдірлерден басқа) фототабақтар және фотоүлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 68 | 3707-ден | Фотохимикаттары (лак, желім жабысқақтардан және сол сияқты заттардан басқа); фотографиялық мақсаттарда | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

пайдаланылатын өлшеулі бөліктерде ұсынылған араласпаған өнімдер

| | | | |
|---|---|---|---|
| 69 | 370710000-ден | Фотохимикаттар, сенсибилиздендірілген эмульсиялар (офсеттік баспа табақтарын шығаруға арналған фоторезист) | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 70 | 381010000-ден | Металдық беттерді жеуге арналған препараттар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 71 | 381400 | Басқа жерде аталмаған күрделі органикалық еріткіштермен сұйылтқыштар; сырлар мен лактарды кетіруге арналған дайын құрамдар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 72 | 390529000-ден | Офсеттік баспа табақтарын шығаруға арналған поливинилфосфонды қышқыл | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 73 | 391000000 | Алғашқы нысандағы силикондар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 74 | 391390800-ден | Офсеттік баспа табақтарын шығару үшін арабшайыр | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 75 | 392010-нан | Қалыңдығы 0,125 мм артық емес этилен полимерлерінен жасалған үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 76 | 392020210-нан | Қалыңдығы 0,10 мм артық емес баспа өнімдерін әрлеу үшін биаксальді бағытталған үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 77 | 392020290-нан | Пропилен полимерлерінен жасалған қалыңдығы 0,10 мм артық емес басқа да үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 78 | 392042910-нан | Винилхлорид полимерлерінен жасалған иілмелі, табақталған, қалыңдығы 1 мм артық емес үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 79 | 392062100-ден | Қағаздар, полиэтилентерефталатадан жасалған қалыңдығы 0,35 мм артық емес үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 80 | 392190-нан | Плиталар, қағаздар, үлдірлер, пластмасстан жасалған фольга мен жолдар, кеуекті емес және арматурланбаған, қатпарлы, астарлы немесе поликарбонаттардан жасалған ұқсас тәсілмен басқа материалдармен қосылған басқалар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 81 | 392190600-ден | Полиқосылымдардан өнімдерінен жасалған үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 82 | 392190900-ден | Басқа үлдірлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 83 | 400821900-ден | Қалыңдығы 1,5 мм, артық бірақ, 3,0 мм артық емес қатты резеңкелерден басқа, вулканданған кеуекті емес резеңкеден жасалған табақтар, қағаздар, жолдар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 84 | 480100 | Орам немесе парақтардағы газет қағазы | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Индустрия және сауда министрлігі |
| 85 | 4802-ден | Жазу, басу, немесе басқа графикалық мақсаттарда пайдаланылатын борланбаған қағаздар мен қатырмалар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 86 | 480530 | Сульфитті орама қағаз | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 87 | 480560 | 1 м2 150 г. немесе одан да кем салмақтағы қағаз және қатырма, басқалар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 88 | 480580 | 1 м2 225 г. немесе одан да көп салмақтағы қағаз және қатырма, басқалар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 89 | 480630000 | Калька | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 90 | 480640100 -ден | Басуға арналған пергамин | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 91 | 480640900 | Басқа жылтыр селдір немесе жартылай селдір қағаз | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 92 | 480790900 -ден | Көпқабатты (қағаз және қатырманың бірнеше тегіс қабаттарын желімдеу жолымен жасалғандар) үсті жабындалбаған немесе сіңірілмеген, арматураланған немесе арматураланбаған, орамдарда немесе парақтарда, екі немесе одан да көп | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

қабаттардан тұратын, құрамы
бойынша әр текті басқа
қағаз бен қатырма

93 480830000 Бекіткіш, кітап блогының Қазақстан
-ден шетін өңдеу үшін арналған Республикасының
басқа да крафт-қағаз Индустрия және сауда
министрлігі

94 4809-дан Суреті жоқ, орамдағы немесе Қазақстан
парақтардағы көміртегілік Республикасының
көшіргі қағаз, өзі көшіргі Индустрия және сауда
және басқа көшіргі немесе министрлігі
көшірме қағаз (трафареттер.
ге, көшіргі аппараттарына
немесе офсетті баспа
табақтарына арналған
жабылғыланған немесе
өңделген қағаздарды қоса
алғанда)

95 4810 Бір немесе екі жағынан да Қазақстан
(481011100 байланыстырушы заттарды Республикасының
басқа) қолдана отырып немесе Индустрия және сауда
байланыстырушы заттарсыз, министрлігі
қандай-да бір жабынғысыз,
оның ішінде сырты
сырланған, декорацияланған
немесе баспа бейнесі бар,
ақсазбен (қытай балшығымен)
немесе басқа да органикалық
емес заттармен борланған,
орамадағы немесе парақтар.
дағы қағаз бен қатырма

96 481121000, Полимерлі материалдармен Қазақстан
481129000, (желімдерді қоспағанда) Республикасының
481131000 өңделген немесе Индустрия және сауда
-ден, ламинацияланған, министрлігі
481139000 шайырланған немесе жабысқақ
-ден қағаз, қатырма

97 481190900 Қағаз, қатырма, басқалар Қазақстан
-ден Республикасының

Индустрия және сауда
министрлігі
98 482351-ден Басу және басқа да Қазақстан
графикалық мақсаттарға Республикасының
арналған, баспа, батырма Индустрия және сауда
қағаз және қатырма министрлігі
99 520822950 Сыртқы тығыздығы 130 г/м2 Қазақстан
артық, ені 145 см артық, Республикасының
бірақ 165 см артық емес Индустрия және сауда
құрамында 85 мас.% немесе министрлігі
одан да көп мақта бар
жаймалық, өрілген ағартыл.
ған мақта-мата маталары
100 540220000 Полиэфирлі жоғары сапалы Қазақстан
жіптер Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі
101 540410900 Полипропиленнен жасалған Қазақстан
басқа дара жіптер Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі
102 560312, Өңделген немесе өңделмеген, Қазақстан
560313, жабынғымен немесе Республикасының
560314 жабынғысыз, қатырмаланған Индустрия және сауда
немесе қатырмаланбаған, министрлігі
химиялық жіптерден
жасалған, сыртының
қалыңдығы 25 г/м2 артық
беймата материалдары
103 590110000 Түптеу немесе соған ұқсас Қазақстан
мақсаттар үшін пайдаланыла. Республикасының
тын шайырланған немесе Индустрия және сауда
крахмалданған маталар министрлігі
104 590700900 Кітаптарды түптеуге арналған Қазақстан
-ден жабынғылы немесе басқа Республикасының
тәсілмен өңделген тоқыма Индустрия және сауда
материалдары министрлігі
105 7606-ден Баспа табақтарын дайындау Қазақстан
және жасау үшін арналған Республикасының

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қалыңдығы 0,28 мм, Н18 маркалы, алюмин таспасы | Индустрия және сауда министрлігі |
| 106 | 810490000-ден | Жеке кітап түптеуге арналған, қалыңдығы 2 мм артық, бірақ 7 мм артық емес, жарық сезгіш қабатпен жабынғыланған, өңделген магний | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 107 | 830520000-ден | Полиграфияда пайдаланылатын бағалы емес металдардан жасалған блоктардағы сым қапсырмалар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

2) Целлюлозалық массаны және қағазды өңдеуге арналған машиналар, сондай-ақ баспа және түптеу машиналары

| | | | |
|---|---|---|---|
| 108 | 843910000, 843920000, 843930000 | Талшықты целлюлозды материалдардан жасалған массаларды шығаруға арналған немесе қағаз немесе қатырма дайындауға немесе өңдеуге арналған қондырғы | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 109 | 8440 (844090000 басқа) | Брошюра шығаратын машиналарды қоса алғанда, түптеуші қондырғылар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 110 | 844110 | Қиюшы машиналар | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 111 | 844250 | Типографиялық табақтар, кескінделген немесе кескінделмеген цилиндрлер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 112 | 8443 (844390 басқа) | Бояу ағатын баспа машиналарын қоса алғандағы, 8471 тауар позициясына енетіндерден өзге, баспа | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қондырғылары, көмекші машиналар мен механизмдер | |
| 7. Музыкалық аспаптар және басқа музыкалық жабдықтар | | | |
| 113 | 92-ден | Тек қана мемлекеттік мәдени ұйымдарға арналған немесе музыка мектептеріне арналған музыка аспаптары және басқа музыкалық қондырғылар | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрі |
| 8. Спорт жабдықтары | | | |
| 114 | 9506-дан | Дене шынықтыру - спорт ұйымдарына арналған спорт жабдықтары | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |

* Кеден баждарынан босату мақсаты үшін тауарлардың номенклатурасы ТМД СЭҚ ТН коды, тауардың атауы және (немесе) мақсатты тағайындалуы бойынша белгіленеді.

2003 жылғы 25 сәуір N 171
Қазақстан Республикасына импортталатын
тауарлардың жекелеген санаттарын
кеден бажын салудан босату тәртібі
туралы нұсқаулыққа
3-қосымша

Министрліктің тауар сипаты туралы растауының тұрпатты нысаны

____________________________________________________________

(кеден органының атауы)

Тауар сипатын растау туралы

____________________________________________________________

(министрліктің атауы)

____________________________________________________________

(импорттаушының атауы)

Қазақстан Республикасына әкелген (алынған) жалпы мөлшері ________________________________________________

(тауардың атауы мен мөлшері)

білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материал болып табылатындығын және Білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материалдарды әкелу туралы 1950 жылғы 22 қарашадағы келісімнің және оған "Білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материалдарды әкелу туралы келісімді және оған қоса Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 197-I Заңымен бекітілген 1976 жылғы 26 қарашадағы Хаттаманың күшіне саятындығын осы хатпен растайды.

Уәкілетті адамның қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК